

Байғанин аудандық білім бөліміне
С.Ешбаев атындағы орта мектебі бойынша рухани-
адамгершілік пен азаматтық-патриоттық тәрбие
беру мәтінінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын іске
асыру мақсатында атқарған жұмыстарға
анықтамалық талдама

2022-2023 оку жылы.

Қыркүйек айында ата-аналар жиналысы өткізіліп, жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылыққа оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениеттің қалыптастыруды отбасының рөлін, ата-аналарға балаларын құқықты, занларды, құқықтық тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу туралы мәселелер қаралды.

«Адал Ұрпақ» тобының негізгі міндеттері мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелесу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай мақсат, міндеттерді негізге ала отырып, мектебімізде 5- 11 сынып окушылары арасында «Адал Ұрпақ» еркіті топ 15 окушыдан құрылышп, жетекшісі тағайындалып, іс-шаралар жоспарланып ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында: « Адалдыққа ұмтылайық» тақырыбында 2-11 сыныптарда адалдық сағаты өткізілді. Ұлы тұлғалардың ұлы сөзін ұлықтау мақсатында бейнекөрсетілім көрсетілді.

Қазан айында: «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кімділдегі заманауи медінаның ролі» тақырыбында 2-11 сыныптарда сынып сағаты өткізілді. «Адал еңбек сатылмайды» сурет және эссе жазудан байқаулар ұйымдастырылды.

Мақсаты:

- “Сыйбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.
- Окушылардың бойында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениеттің қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.

Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу.

Сыйбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмыстық құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. КР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікі асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс

нормалары ең алдымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар екендігі сабак презентация арқылы әнгіме –сұхбат түрінде өткізілді. Жалпы тәрбие сағатында оқушылар өз құқықтарымен және сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілермен танысты.

Қараша айында: «Адал еңбек қолымыздан келема?» тақырыбында 8-10 сынып оқушылар арасында пікірталас өткізілді.

Мақсаты:

- “Сыйбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындағынын ұғындыру.
- Оқушылардың бойында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.
- Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу.

Сыйбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қагидалары туралы оқушыларға таныстырылды.

Желтоксан айында «Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы Еліміздің сайлау қағидаттарына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны

Мақсаты: Оқушылардың бойында адалдық қасиетін ұялату, сыйбайлас жемқорлықтан аулақ болуға баулу.

Мектеп директоры:  Н.К Дауылбаева



